

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 16 қазанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары
Т. Б. Дүйсеноваға**

Депутаттық сауал

Құрметті Тамара Босымбекқызы!

Қазақстан Республикасында әлеуметтік әлсіз топтар, жылдан жылға көбейіп жатқанын өзіңіз де жақсы білесіз.

Қараусыз қалған қарттар, асыраушысынан айырылған көп балалы отбасылар, әлде кімнің жауапсыздығынан жалғыз қалған жалғыз басты аналар, тағысын тағы тізбектей беруге болады. Бірақ солардың ішіндегі ең қорғансызы деп тәні де, жаны да жаралы – мүгедектігі бар жандарды айтуға болады.

Әрине, тағдыр жаралаған адамдарда өз өмірін өзгерте қоятын таңдау жоқ екендігін барлығымыз білеміз. Алайда, сол тағдырдың алдында таңдауы жоқ адамдарға мемлекет неге қисынсыз таңдау қоятындығы түсініксіз.

Ол не таңдау десеңіз, мүгедектігі бар жандар зейнет жасына келгенде не зейнетақы, не жәрдемақыны таңдауға мәжбүр. Бүгінгі депутаттық сауалымның негізгі тақырыбы осы.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Жұмыспен қамтылмаған адамнан зейнетақы қорына еш қаржы түспесе, зейнетақысы қанша болатынын ойлай беріңіз. Бұл мәселенің негізін қарасақ, халықаралық еңбек ұйымының мүгедектігі, қарттығы және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша №128 конвенциясына сәйкес жәрдемақы нақты еңбекке жарамдылық кезеңінен зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдарға беріледі. Осылайша, Кодекстің 178-бабының 2-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған кезде мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу жасына байланысты тоқтатылады немесе қайта қаралады делінген.

Еңбек өтілі 1998 жылдан бастап жұмыс істеген мүгедек азаматтарға, зейнетке шыққанда тек зейнет ақы қорында жиналған қаражат қана бөлініп берілетін болады. Ол дегеніміз, қорға қаражат аудармайтын мүгедек жан ештеңесіз қалады деген сөз.

Ия Сіздер: «мүгедек өздігінен ерікті түрде қаражат аудару керек деп айтасыздар, бірақ 95 мың теңге жәрдем ақы алатын мүгедек несін аударды? Демек мүгедек зейнетақысыз қалады деген сөз.».

Сонда қалай, зейнетке шыққан мүгедек қартайған шағында құлан таза сауығып кете ме? Сіздердің ойларыңызша?.

Біле-білсеңіздер, үшінші топ санаттағы мүгедек адамның өзі не қолы, не аяғы жоқ адам.

Бүгінде 1 ші топ 95 496 теңге, 2 ші топ 79 435 теңге, 3 ші топтағы мүгедектер 69 886 теңге жәрдемақы алады екен. Сол себепті әлеуметтік кодекске өзгертулер енгізу арқылы осы жәрдемақымен зейнетақыны қоса беру керек. Ондай болмаған жағдайда еңбекке қабілетті мүгедектерді жұмыспен қамту қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы мамыр айындағы 326 шы қаулысы бойынша Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспары 2025 жылға дейін бекітілген. Сонда мүгедектігі бар жандардың жағдайын 2025 жылға дейін жақсартқан түріміз осы ма? Неге бізде мүгедектігі бар адамдардың мәселесін айтқанда ол баяу іске асады?

Егер бұл мәселенің оң шешімі табылмаса, онда еліміздегі кедейшілік шегі автоматты түрде өседі. Азаматтардың кедейшілік пайызын төмендетеміз деп жатқанда қайта өсіріп алмайық. Себебі елімізде бір миллионға жуық мүгедек жандар бар. Осы бір миллионға жуық азамат автоматты түрде кедейшілік шегіне енетін болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе ұсынатыным:

1. Мүгедектігі бар тұлғаларға зейнет жасқа жеткенде де жәрдемақысын тоқтатпай қоса берілуінің жүйесін қалыптастыру.

2. Әлеуметтік кодекске өзгертулермен толықтырулар енгізу қажет

3. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспары 2025 жылдан кейін де жалғасын табу керек.

Құрметпен,

«Ауыл» партиясының фракция депутаттары:

**Т. Серіков
А. Баққожаев
Н. Арсютин
Қ. Абден
Ж.Дайрабаев
С.Егізбаев
А. Зейнуллин
Е. Саурықов**

«Ақ жол» партиясының фракция депутаттары:

**Е. Бейсенбаев
Қ. Иса**

«AMANAT» партиясының фракция депутаттары:

**Е. Әбдиев
Е. Бейсенбаев**

**Р. Заитов
Д. Исабеков
В. Ким
А. Мысырәлімова
Г. Нұрымова
Н. Сабильянов
Н. Сәрсенғалиев
У. Шапақ**

«Respublika» партиясының фракция депутаты:

Д. Наумова

**«Қазақстан Халық Партиясы»
партиясының фракция депутаттары:**

**И. Смирнова
К. Сейтжан
Г. Танашева**

**«Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясының фракция депутаттары:**

**Н. Әуесбаев
А. Сагандықова
Н. Сайлаубай**

Жеке мандатты депутаттары:

**Е. Бапи
Д. Мұқаев
А. Назаров**

✉ *Н.К. Аубакиров*

☎ 74-67-54

✉ AubakirovN@parlam.kz